

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 167 "Жаңаөзен қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 17 маусымдағы № 346 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 маусымда № 4234 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес, сонымен қатар " Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Маңғыстау облысы әділет департаменті " республикалық мемлекеттік мекемесінің 2020 жылғы 4 ақпандағы №10-15-293 ұсынысының негізінде, Жаңаөзен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі №167 "Жаңаөзен қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3575 болып тіркелген, 2018 жылғы 3 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Жаңаөзен қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ж.Бекова) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Ғ. Байжановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңаөзен қаласы әкімі

М. Ибагаров